

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

 mmgpress
  mangistaumunaigaz_jsc
  mmginfo

 Oil Services Company
  Oil Construction Company
  MANGISTAU ENERGO MUNAY
  Ойл Транспорт Корпорейшэн
  M.COM munaitelcom
  «ЖЕТІБАЙМҰНАЙГАЗ» «ҚАЛАМҚАСМҰНАЙГАЗ» ӨБ

БІЗДІҢ МҰНАЙШЫ ӘЛЕМДІК ДОДАДА ТОП ЖАРДЫ



Жоғары технологиялар саласындағы ең ірі кәсіби додалардың бірі – «Хайтек: Болашақ дағдылары – 2025» халықаралық чемпионатында әлемнің 17 елінен келген 1000-нан астам қатысушы өнер көрсетті.

Осы маңызды сайыста «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ намысын қорғаған Самат Ашғалиев – «Жетібаймұнайгаз» ӨБ механикалық цехының 3-дәрежелі фрезершісі «ЧПУ станоктарындағы фрезерлеу жұмыстары» құзыреттілігі бойынша қола медаль жеңіп алып, халықаралық деңгейде шеберлігін дәлелдеді.

Саматтың дайындық процесіне тәжірибелі тәлімгер Нұрлан Чимбаев жетекшілік етті.

Бұл жетістік – «Самрук-Қазына» тобы жүзеге асыратын 7Qadam MASTER бағдарламасының нәтижелі екенін көрсетеді. Бағдарлама қатысу-

шылары чемпионаттың 8 құзыреттілігінің барлығында жүлдеге ие болып, отандық инженерлер мен жұмысшы мамандардың жоғары кәсіби деңгейін әлемге танытты.

Маңғыстаумұнайгаз ұжымы Саматты лайықты жеңісімен құттықтайды!

Бұл – жеке табыс қана емес, компанияның инженерлік мәдениетті дамытуға бағытталған жүйелі еңбегінің жемісі.

Саматқа жаңа белестер мен кәсіби өрлеу жолында зор табыс тілейміз!

ШЕБЕРЛІКТІҢ ШЫНАЙЫ БАҒАСЫ

Атырау қаласында өткен «KMG Skills» кәсіби шеберлік байқауында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның бірден үш қызметкері жүлделі орындарды иеленді.

Іс-шара «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында ұйымдастырылып, оған «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері қатысты.

Байқау үш кезеңнен тұрды: мамандық бойынша практикалық тапсырмаларды орындау, өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылуын анықтау және алғашқы медициналық көмек көрсету.

«KMG Skills» байқауының қорытындысы бойынша:

«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ ҒЗЖӨЖЦ 5-разрядты ұңғымаларды зерттеу

операторы Мақсатұлы Жомарт екінші орынды иеленді;

«Жетібаймұнайгаз» ӨБ 1-МГӨЦ 4-разрядты мұнай және газ өндіру операторы Нұралы Аян Мағауияұлы үшінші орынды иеленді; сондай-ақ «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ МКЖӨҚКЦ 5-дәрежелі электргаздәнекерлеушісі Ернар Қорғанбек Ернарұлы үшінші орынды жеңіп алды.

Әріптестерімізді шын жүректен құттықтап, жаңа еңбек жеңістерін тілейміз! Жеткен жетістіктеріңіз жалғасын тапсын, жаңа белестерді бағындыра беріңіздер!



АДАЛ ЕҢБЕГІ ҮШІН МАРАПАТТАЛДЫ

Бұрғышылардың кәсіби мерекесіне орай «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы Ұңғымаларды бұрғылау және күрделі жөндеу департаментінің бірқатар қызметкерлерін марапаттады.

Әріптестерін шын жүректен құттықтаған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының бірінші орынбасары Болат Сейтмағанбетов бұрғышылардың тиянақты еңбегі мен жоғары кәсібилігінің арқасында компания еліміздегі жетекші жер қойнауын пайдаланушылардың бірі ретінде позициясын сақтап, технологиялық тұрғыдан күрделі жобаларды іске асыра отырып, алға қарай өршіл қадаммен дамып келе жатқанын атап өтті.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Мұнай-газ кешенін дамытуға үлесі үшін» медалімен Ұңғымаларды бұрғылау және күрделі жөндеу департаментінің директоры Бауыржан Батырғалиев марапатталды;

Мұнай-газ индустриясын өркендетуге қосқан айрықша еңбегі мен кәсіби шеберлігі жоғары бағаланып, ДБЖКЖД ұңғымаларды бұрғылау бөлімінің басшысы Құбай Жиенғалиев ҚР Энергетика министрлігінің Құрмет грамотасына ие болды.

Саланың дамуына сіңірген табанды еңбегі үшін «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бұрғылау және геологиялық-техникалық жұмыстар бөлімін басқаратын Берік Амантұрлиев ҚР Энергетика министрлігінің Алғыс хатымен марапатталды.

Сондай-ақ өндірістегі кәсіби жетістіктері еленіп, КЖ бөлімінің жетекші инженері Самат Меңдіғазиевке «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның Құрмет грамотасы табысталды.



«Жетібаймұнайгаз» ӨБ-нің бұрғылау және КЖ бөлімі бастығы Мереке Асаев та саланың өркендеуіне қосқан үлесі үшін «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның Құрмет грамотасымен марапатталды.

Құрметті әріптестерімізді осы маңызды жетістіктерімен шын жүректен құттықтаймыз. Зор денсаулық, отбасы амандығын және кәсіби жолдарында жаңа белестерді бағындыра беруіне тілектеспіз!!

ӘР ҰҢҒЫМА – ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫНА ҚОСЫЛҒАН ҮЛЕС



Бұрғылаушы мамандығы – бұл табандылық пен дәлдіктің, инженерлік шеберліктің нышаны.

2023 жылдан бастап Қазақстанда жаңа кәсіби мереке – Бұрғылаушы күні белгіленді. Ол қарашаның үшінші сенбісінде атап өтіледі. Бұл күн – жер қойнауын игеріп, елдің мұнай-газ саласын дамытуға зор үлес қосқан адамдар еңбегіне деген құрметтің белгісі.

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында бұрғылаушылар компанияның еңбек шежіресінде ерекше орын алады. Ұңғымаларды бұрғылау мен күрделі жөндеу бағыттарын ұйымдастыру, бақылау және дамыту міндетін Ұңғымаларды бұрғылау және күрделі жөндеу департаменті (ҰБЖКЖД) атқарады. Бұл – бір мақсатқа жұмылған инженерлердің, шеберлер мен мамандардың тату ұжымы, олардың міндеті тұрақты өндіруді қамтамасыз ету, озық технологияларды енгізу және әр уақсқа өндірістің қауіпсіздікті нығайту.

2024–2025 жылдарға арналған басым бағыттардың бірі – шегендеу тізбектерінің коррозия себептерін зерттеу болып табылады. «КМГ Инжиниринг» – «ҚазНИПИМұнайгаз» ЖШС мамандарымен бірлесіп, ҰБЖКЖД зертханалық сынақтар жүргізуде. Зерттеулердің мақсаты – ұңғымалардың қызмет ету мерзімін ұзарту және жабдықтардың сенімділігін

арттыру. Газ факторы жоғары ұңғымаларға арналған сұйықтықтардың химиялық реагенттері іріктелуде. Сынақ нәтижелері көрсеткендей, оңтайлы құрамдар коллектордың зақымдалу қаупін азайтып, қабаттың өткізгіштігін сақтауға және күрделі жөндеудің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Горизонталды бұрғылау Асар кен орнында өндіру тиімділігін арттырудың негізгі бағыттарының біріне айналды. ҰБЖКЖД мамандарының кешенді жұмысының арқасында Қоғам тәжірибесінде алғаш рет заманауи техникалық шешімдер іске асырылып, күрделі коллекторлық жағдайларда да ұңғымалардың тұрақты дебиті мен сенімді жұмысы қамтамасыз етілді.

Спиральды-сым сүзгілерді қолдану құмнан қорғаныс сенімділігін және горизонталды бөліктегі ағынның біркелкі бөлінуін қамтамасыз етсе, траекторияны нақты уақыт режимінде басқару жүйелері ұңғыманы өнімді қабат шегінде жоғары дәлдікпен жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл шешімдер қазіргі инженерлік тәсілдердің дәстүрлі бұрғылау технологияларын өндірудің тұрақты өсуі мен технологиялық көшбасшылық құралына айналдыра алатынын дәлелдеді.

Қауіпсіздік мәселелеріне ерекше назар аударылады. Маңызды жетістіктердің бірі – «ақылды каска» жобасын енгізу болды. Бұл инновациялық жеке қорғаныс құралы бейнебақылау, GPS, SOS функциясы және қауіпті газдарды

анықтайтын датчиктермен жабдықталған. Жоба кен орындарында табысты іске асырылып, қауіпсіздік деңгейін және жедел бақылауды арттырудағы тиімділігін көрсетті.

Кадрлық әлеуетті дамыту – жұмыстың стратегиялық бағыты. ҰБЖКЖД-де тәжірибелі тәлімгерлер жас мамандарға білім мен тәжірибесін үйрететін инженерлік мектеп қалыптасуда. Ротация жүйесі, оқыту және халықаралық сертификаттау жоғары дайындық деңгейін қамтамасыз етіп, персоналды күрделі өндірістік міндеттерді шешуге дайындайды.

Көп жылғы жемісті еңбек барысында ҰБЖКЖД мамандары Қоғамның бұрғылау әлеуетін дамытуға елеулі үлес қосты. Олардың еңбегі – мыңдаған сәтті жүзеге асқан жобалар, жаңа технологиялар және компанияның ертеңгі күніне деген сенім.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ барлық бұрғылаушыларды кәсіби мерекемен құттықтайды!

Әрбір жаңа ұңғыма Қазақстанның өркендеуінің, сенімділігінің және тұрақты болашағының нышаны болсын!



ТУҒАН ЖЕРІНЕ ҒҰМЫРЫН АРНАҒАН ТҰЛҒА



Өңір тарихында өз еңбегімен тұтас бір дәуірдің дамуына үлес қосқан азаматтар бар. Олардың есімі уақыт өткен сайын ұмытылмай, керісінше, жаңа ұрпаққа өнеге болып қала береді. Солардың бірі – Бөгенбай Тұрсынұлы Қожықов. Ол Маңғыстаудың мұнай-газ саласының қалыптасуы мен өркендеуіне зор үлес қосқан, өзінің кәсіби өмірін осы өңірдің геологиясына, барлауына, игерілуіне арнаған білікті геолог, тәжірибелі маман, талапшыл басшы және адал қызметкер.

Бөгенбай Тұрсынұлы 1940 жылдың 22 желтоқсанында Форт-Шевченко қаласында дүниеге келді. Мектепті тәмамдаған соң жас маман ретінде комсомол жолдамасымен «МНГР» тресінің қарамағына жіберіліп, мұнай барлау ісіне бірден араласады.

Кызан, Жетібай участкелеріндегі алғашқы еңбек жолы – ауыр да жауапты бұрғылау жұмыстары, терең барлау қондырғыларында шынығу мен еңбек мектебі болды. Осы кезең болашақ геологтың жер қойнауын терең түсінуіне, практикалық дағдыларын қалыптастыруына негіз қалады.

1959–1962 жылдары Калининградта әскери борышын өтегеннен кейін, Бөгенбай Тұрсынұлы Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ политехникалық институтына оқуға түседі.

Студент жылдары да өндірістен қол үзбей, Жетібай мен Өзен кен орындарында практикадан өтеді.

Диплом алдындағы тәжірибе кезінде «Доңға» алаңының мұнай-газдылық перспективалары туралы ғылыми жұмыс дайындады, уақыт өте келе бұл өңірдің расында өнеркәсіптік маңызы бар екені дәлелденді. Бұл – оның кәсіби көзқарасының дәлдігі мен ғылыми талғамының алғашқы көрінісі.

1966–1985 жылдар аралығында Бөгенбай Тұрсынұлы «Жетыбайнефть» мұнай-газ өндіру басқармасында қызмет атқарып, оператордан бастап бас геологқа дейінгі жолдан өтті.

Бұл – Жетібай, Асар, Бектұрлы, Оймаша, Бұрмаша, Ала-төбе, Айрантақыр және басқа да көптеген кен орындарының белсенді игеру кезеңі. Әр кен орнының өзіндік геологиялық ерекшеліктері бар, сондықтан оларды дұрыс игеру – үлкен жауапкершілікті қажет ететін жұмыс.

Бұл кезеңде өнімді қабаттарды зерттеу, скважиналарды тиімді игеру, кеніштердің геологиялық құрылымын талдау бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілді.

1986–1989 жылдары Маңғыстау барлау бұрғылау басқармасының геология бөлімін басқарып, «Оймаша», «Оңтүстік Жетібай», «Придорожное» алаңдарында мұнай-газ қорының бар екенін дәлелдеген барлау жұмыстарын ұйымдастырды.

1990 жылдан 2006 жылға дейін «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ-ның «Кен орындарын игеру» бөлімін басқарды. Бұл жылдары гидравликалық жару технологиясын енгізу арқылы көптеген ұңғымалардың өнімділігі 30-40%-ға артты. Бұл кәсіпорынның мұнай өндіру жоспарын орындауға тікелей ықпал етті.

Зейнетке шыққаннан кейін де қызметін жалғастырып, 2006–2008 жылдары «Бозашы мұнай» компаниясында кеңесші ретінде Қаратұрын кен орнын тәжірибелік игеру жобасын дайындауға қатысты. 2008 жылы бұл жоба «ҚазМұнайГаз» алдында сәтті қорғалды.

Еңбек ардагері, құрметті жер қойнауын барлаушысы, Ақтау қаласының Құрметті азаматы Бөгенбай Тұрсынұлының көп жылғы еңбегі мен саланы дамытуға қосқан үлесі көптеген марапаттармен белгіленген. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Алғыс хатымен марапатталған Бөгенбай ағамыз Үкіметтік награда - «Ерен еңбегі үшін» медалінің, «Мұнай өнеркәсібінің үздігі», «KazEnergy», «Геология, мұнай-газ саласындағы еңбегі үшін» төсбелгілерінің және көптеген мерейтойлық медальдер мен құрмет грамоталарының иегері.

Бүгінде Бөгенбай аға ұрпақтары да әке жолын жалғастыруда. Ұлы Қайрат Қожықов көлік саласында қызмет атқарады. Қыздары Айзада Қожықова — «Oil Service Corporation» мекемесінде бұрғылау және жерасты жөндеу бағыты бойынша жетекші экономист, ал Гүлзада Қожықова — «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ-да жетекші экономист болып жұмыс істейді. Немерелері Жазира мен Әсем Қаныш Сәтпаев атындағы Қазақ политехникалық университетінде геология мамандығы бойынша білім алып, Астана мен Алматы қалаларында еңбек етіп жүр. Осылайша олар да ата жолын жалғастыруда.

Бөгенбай Тұрсынұлы – Маңғыстау мұнайының тарихына еңбекпен жазылған есім. Саналы ғұмырын ел игілігіне арнаған білікті маман, тәжірибесі мен өнегесін жас буынға қалдырған сала ардагері.

Бөгенбай ағамызды 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтай отырып, денсаулық, амандық, ұзақ ғұмыр, отбасына бақ-береке тілейміз!



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Жастар ынтымақтастығы: QazCloud Маңғыстауда

2025 жылдың 14 қарашасында «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында «QazCloud» компаниясының делегациясы болды. Бұл сапар «Самұрық-Қазына» қоры компанияларының жастар саясатын дамытуға бағытталған «Birgemiz Expedition» жобасы аясында ұйымдастырылып, екі компания жастары арасындағы кәсіби ынтымақтастықты күшейтуге бағытталды.

Сапар барысында қонақтарды «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасының белсенді жас мамандары қарсы алды. Делегацияға компания қызметінің негізгі бағыттары, өндіріс үдерістері және кәсіпорынның даму стратегиясы жөнінде жан-жақты ақпарат беріліп, өндірістік нысандар көрсетілді.

Алдымен қонақтар «Еңбек даңқы» мұражайымен танысты. Мұражайда Маңғыстау өңіріндегі мұнай саласының қалыптасу тарихы, ардагер мұнайшылардың еңбегі мен маңызды кезеңдерді айғақтайтын жәдігерлер қойылған. Бұл шағын экскурсия делегация мүшелеріне кәсіпорынның рухани-еңбектік құндылықтарымен жақын танысуға мүмкіндік берді.

Одан кейін қонақтар 1-МГӨЦ, МДӨЦ және ОИТҚ бөлімдерінің жұмысын көріп, өндірістегі технологиялық тізбек, жабдықтардың мүмкіндігі, ақпараттық жүйелер және қауіпсіздік талаптарының орындалу барысы жайлы мағлұмат алды. Жас мамандар өз тәжірибелерімен бөлісіп, күнделікті қызмет барысында қолданылатын тиімді тәсілдер мен жаңашылдықтарды таныстырды.

Сапар екі компанияның жас қызметкерлері үшін кәсіби даму тұрғысынан пайдалы болды. Тараптар өзара ой алмасып, ортақ мәселелерді шешудегі

тәжірибелерімен бөлісті. Сондай-ақ болашақта бірлесіп жүзеге асыруға болатын жаңа бастамалар мен идеялар ұсынылды.

Маңғыстаумұнайгаз жас мамандары қонақтарды жоғары деңгейде қарсы алып, компанияның ашықтығы мен қызметкерлерді қолдауға бағытталған ұстанымын тағы да дәлелдеді.

Сапардың жалғасы Ақтау қаласында өтті. Делегация «Caspiy Bitum» БК ЖШС, Ақтау теңіз порты және Қазақтеңізкөлікфлоты (КМТФ) өкілдерімен кездесіп, мұнай-газ инфрақұрылымының басқа бағыттарымен де танысты. Бұл кездесулер өңірдегі өндіріс тізбегінің өзара байланысы мен маңызын кеңінен түсінуге жағдай жасады.

Жалпы, «Birgemiz Expedition» жобасы аясындағы осы сапар екі компания арасындағы ынтымақтастықты арттырып қана қоймай, жас мамандардың көкжиегін кеңейтіп, жаңа кәсіби серпін берді.



АСАРДАҒЫ ОЙ ДОДА

“Жетібаймұнайгаз” өндірістік басқармасының жас мамандарының бастамасымен және кәсіподақ ұйымының қолдауымен Асар вахталық кен орнында мәдени-танымдық бағыттағы мерекелік квиз ойыны ұйымдастырылды. Интеллектуалды сайысқа барлығы 14 команда қатысып, мұнайшылар мен қонақтар білімдері мен тапқырлықтарын ортаға салды.



Шараға өндірістік ұжыммен бірге Жетібай ауылының №8 және №3 жалпы білім беретін мектептерінің ұстаздар командалары, сондай-ақ Мұнайшы ауылындағы «Балауса» балабақшасының тәрбиешілері қатысып, ойын мазмұнын айрықша толықтырды. Өртүрлі сала өкілдерінің басқосуы сайыстың қызықты да тартысты өтуіне ықпал етті.

Кештің ашылуында “Жетібай-мұнайгаз” ӨБ басшысы Бақзат Құрбанбайұлы құттықтау сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тілеп, мұндай іс-шаралардың ұжымдық рухты көтеруге және қызметкерлерге серпін беруге зор ықпал ететінін атап өтті.

Жарыс қорытындысы бойынша үздік командалар төмендегідей марапатталды:

I орын – «ПЖПЖЦ миға сыймайды» командасы, жүлдесі 70 000 теңге;

II орын – №8 мектеп ұстаздарының «Mind Up» командасы, жүлдесі 50 000 теңге;

III орын – №3 мектеп ұстаздары, жүлдесі 30 000 теңге.

Сонымен қатар мектеп және балабақша ұжымдарына «Kitap AI» дүкенінен арнайы сертификаттар табысталаып, белсенді қатысқандары үшін алғыс білдірілді.

Мұнайшылар үшін ұйымдастырылған бұл мәдени-танымдық шара вахталық қалашықтағы көңіл күйді көтеріп, жұмыс қарқынын арттыруға оң әсер етті. Игі бастама ұжым ынтымағын нығайтып, жас мамандардың белсенділігін айқын көрсетті.

Қатысушылар шараның жоғары деңгейде өтуіне қолдау көрсеткен “Жетібаймұнайгаз” өндірістік басқармасының басшылығына және кәсіподақ ұйымына ризашылықтарын білдірді.

ЗИЯЛЫЛАР ШАЙҚАСЫ

Қарашаның 22-сі күні Ақтау қаласында «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында МО Ақпарат және қоғамдық даму басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында “Эко Маңғыстау” ҚҚ ұйымдастыруымен кезекті интеллектуалдық куиз өтті. Білім мен зияткерлік бәсекеге бағытталған шарада түрлі мекеме өкілдері бас қосып, логика, талдау және жедел ойлау қабілеттерін сынға салды.



Бұл тартысты додада «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының құрама командасы да өз бақтарын сынап, тағы бір мәрте жоғары нәтижеге қол жеткізді. Команда құрамында Қаламқас пен Жетібай кен орындарында еңбек етіп жүрген бес қызметкер өнер көрсетті:

- Нұрниязов Мұрат – АСАҚ «ҚМГ» ӨБ
- Лұқманов Азамат – МДЖАЦ «ЖМГ» ӨБ
- Жалғаспаев Данияр – АСАҚ «ҚМГ» ӨБ
- Байталасов Медет – ҚҚҰЦ «ҚМГ» ӨБ
- Сабырғали Бекежан – МГӨЦ-3 «ҚМГ» ӨБ.

Бұл ойыншылар жай ғана қатысушылар емес – қалалық деңгейдегі куиз

алаңдарында талай мәрте шыңдалған тәжірибелі, азулы ойыншылар. Бұған қоса, олар 2024 жылы өткізілген «Маңғыстаумұнайгаз» корпоративтік куизінің чемпионы, яғни компания ішіндегі зияткерлік доданың үздік командасы болып саналады.

Қатысушылар саны көп, бәсекелестік жоғары болғанына қарамастан, құрама табиғи жинақылық пен командалық үйлесімділік танытып, 42 ұпай жинап, жүлделі үшінші орыннан көрінді. Бұл нәтиже – олардың интеллектуалдық сайыстардағы тұрақты деңгейін тағы бір мәрте дәлелдей түсті.



ҮМІТ СЫЙЛАҒАН БАСТАМА

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесі «Мұнайлы өлке» қоғамдық қорының қолдауымен кезекті қайырымдылық жобасын жүзеге асырды. Бұл жолы игі іске ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған «Жас жауынгер» бейімдеу спорт орталығы қамтылды.

Акция аясында орталық тәрбиеленушілеріне түрлі спорттық құрал-жабдықтар, жаттығу инвентарлары және бірыңғай спорттық форма

табысталды. Бұл балалардың дене дайындығын арттырып, спортқа деген қызығушылығын күшейтуге бағытталған маңызды қадам.

Іс-шара барысында орталықтың жетекшілері қамқорлық танытқан мамандарға алғыс білдіріп, мұндай қолдаудың балалар үшін үлкен мотивация екендігін атап өтті. Жас чемпиондарымыздың болашағына үлес қосу — қоғамның ортақ міндеті.



ЖЕТІБАЙ ЖАСТАРЫНЫҢ БАЛАЛАРҒА ТАРТУУЫ

«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының жас мамандары тағы бір игі істің ұйытқысы болды. Олар өз қаражаттарына Жетібай ауылындағы төртінші мектептің бастауыш сынып оқушыларына арнап, «Мұнай кен орындарына саяхат» және «Эко дәптер» атты бояу кітапшаларын әзірлеп, бүлдіршіндерге сыйға тартты.



жайында балғын санаға ұя салатын ойлар көрініс тапқан.

Жас мамандар мектепке арнайы барып, балалармен жүздесіп, өз мамандықтары туралы әңгімелеп, мұнай саласының қыр-сырын түсіндірді. Кішкентай бүлдіршіндер мұнайшылардың әңгімесін қызыға тыңдап, бояу дәптерлерін қуанышпен парақтады.

Жас мамандардың бұл игі қадамы — еңбекті сүюдің, табиғатты аялаудың, ұрпақ тәрбиесіне үлес қосудың жарқын көрінісі. Бұл — өнегелі буынның ізін жалғаған жас толқынның жүрек жылуы мен азаматтық жауапкершілігін айғақтайтын іс.

Бұл — жай ғана тарту емес, бұл — өмірді тануға, еңбекті қадірлеуге, туған жердің байлығын ұғынуға бағытталған тәлімі мол бастама. Жас мұнайшылардың мұндай қам-қарекеті — кәсібіне деген сүйіспеншілігі мен ел ертеңіне деген жауапкершілігінің айғағы.

Бояу кітапшаларының өз ерекшелігі бар.

«Мұнай кен орындарына саяхат» атты туындыда баланың танымына лайық тілмен мұнайдың қалай өндірілетіні, жер қойнауындағы байлықтың адам қолымен қалай игерілетіні қызықты суреттер арқылы бейнеленген.

Ал «Эко дәптерде» табиғат пен өндіріс арасындағы нәзік тепе-теңдік туралы, жер мен суды аялаудың мәні




ЖҮРЕК ЖЫЛУЫ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының жас мамандары қайырымдылық пен қамқорлықты өмірлік ұстанымға айналдырғанын тағы бір дәлелдеді. Олар дүниежүзілік балалар күніне орай өз қаражаттарына Қарақия аудандық «Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» Жетібай филиалының тәрбиеленушілеріне арнап ерекше сый жасады.

Бұл игі шара барысында орталықтағы балалардың емдік және оңалту үдерісіне қажетті құрал-жабдықтар — виброплатформа, компрессиялық шұлғы, салмақты көрпелер, арнайы жүк жилеттері, эспандерлер және басқа да ем-домға арналған бұйымдар тарту етілді. Бұл заттар мүмкіндігі шектеулі балалардың қозғалыс белсенділігін арттырып, оңалту процесін жеңілдетуге зор ықпал етпек.

Шараға басқарма басшысы арнайы қатысып, орталық ұжымына және балаларға өзінің ізгі тілегін білдірді. Ол жас мамандардың бұл бастамасын жоғары бағалап, қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілік пен мейірімділік — нағыз мұнайшы рухының бір бөлігі екенін атап өтті.

Орталық қызметкерлері тарапынан да жылы лебіздер айтылды. Олар балалардың өміріне қуаныш пен сенім ұялатқан «Жетібаймұнайгаз» ұжымына ризашылықтарын жеткізді.



Жас мамандардың бұл игі ісі — жастардың тек кәсіби тұрғыдан емес, адамгершілік биігінен көрінуге ұмтылысының жарқын көрінісі. Қайырымдылыққа бағытталған мұндай шаралар қоғамға ізгілік дәнін себіп, бірлік пен жанашырлықтың қадірін арттыра түсетіні анық.

Бүгінгі таңда мұнайшы жастар өндірістегі еңбекпен қатар, әлеуметтік өмірде де белсенділік танытып, үлкендердің өнегесін жалғастыруда. Ал осындай бастамаларды қолдап, дем беріп жүрген басшылар — жас ұрпаққа сенім мен шабыт сыйлайтын тұлғалар.

Ізгілікке бастайтын жол — әр адамның жүрегінен басталады.

Осы жолда «Жетібай-мұнайгаз» жас мамандарының қайырымды қадамы өзгелерге үлгі, ал олардың қолдауына зәру балалардың көзіндегі қуаныш — ең үлкен алғыс.



ҚАЗАНДЫҚТЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

Қаламқас кен орнында 10 000 м³ №7 мұнай сақтау қазандығына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жобаны «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның тапсырысы бойынша «Oil Construction Company» ЖШС жүзеге асырып жатыр. Бұл бастама кен орнындағы технологиялық инфрақұрылымды жаңарту және өндірістік процестерді арттыру бойынша маңызды жұмыс болып саналады.

Технологиялық сұйықтықтарды жыл бойы жинау және сақтау үшін пайдаланылатын қазандық «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ-ға қарасты Мұнай өндіру, сақтау және тасымалдау кәсіпшілігінде орналасқан. Техникалық сипаттамасы бойынша биіктігі - 17 880 мм, диаметрі - 28 468 мм, ал ілмелі жабдықсыз жалпы салмағы - 297 тонна. Мұндай көлем мен құрылым қазандыққа өндірістік сұйықтықтарды үлкен көлемде қауіпсіз сақтауға мүмкіндік береді.

«10000м³ №7 тік болат резервуарының жаңғыртылуы - өндірістің тұрақтылығын арттыруға бағытталған жоба. Құрылыс осы жылдың шілде айында басталды, жұмыстар 2026 жылдың ақпанына дейін жалғасады. Қазір төртінші белдеуге келді. Жалпы бұл жоба «ОСС» компаниясының мұнай-газ саласындағы жоғары сапалы инженерлік және құрылыс қызметтерін көрсету тәжірибесін одан әрі шыңдайды», - дейді Қаламқас құрылыс құрастыру қызметінің жетекшісі Д.Қойсариев.

Жобаны орындауға арнайы техника мен мамандар тобы жұмылдырылды. Құрылысқа 1 автокран, 1 жүк тиегіш және 1 автомобильдік гидравликалық платформа (АГП) қолданылып жатыр. Сонымен қатар 9 дәнекерлеуші, 11 құрылыс құрамдарын монтаждаушы, 2 жауапты шебер және жоба жетекшісі еңбек етіп жатыр. Барлық жұмыстардың сапасы мен қауіпсіздігін тәжірибелі инженерлік құрам жіті бақылауда ұстап отыр.

«Мұнай сақтау резервуары заманауи болат құрылымдарын орнатуға арналған арнайы



гидравликалық домкраттардың көмегімен құрастырылып жатыр. Құрастыру процесінде салмағы шамамен 700 келі болатын 18 домкрат пайдаланылуда. Әр домкраттың көтеру қуаты 27,5-тен 32,5 тоннаға дейін жетеді. Бұл құрылғылар толықтай автоматтандырылған, электр қуатымен жұмыс істейді және өндірістік қауіпсіздік талаптарына сай. Осындай технологияны қолданудың арқасында аса ауыр жүк көтергіш крандарды пайдалануға қажеттілік туындап жатқан жоқ. Бұл тәсілді біз өндірісте 2017 жылдан бері

қолданып келеміз, ол өз тиімділігін бірнеше жобада дәлелдеді, - дейді Досым Қойсариев.

Ал тапсырыс беруші «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ үшін өндірістің үздіксіздігі мен экологиялық жауапкершілікті қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялық бастамалардың бірі болмақ.

Индира Сәтенбай
«Oil Construction Company» ЖШС

БАУЫРЫМЫЗҒА КӨҢІЛ БӨЛІП ЖҮРМІЗ БЕ?

Бүгін сіз не іштіңіз? Таңғы асыңызды уақытында іштіңіз бе? Мүмкін, кешке ауыр тамақпен тойып алған боларсыз? Ал ішкен дәрі-дәрмегіңіз бауырыңызға қалай әсер етеді деп ойландыңыз ба? Біз жүрек соғысын тыңдаймыз, асқазан ауырса ем іздейміз, бірақ бауыр туралы сирек ойланамыз.

Неліктен?

Бауыр – үнсіз қызметкер. Ол ауырмайды. Шаршадым деп шағымданбайды. Бірақ оның үндемегені – бәрі дұрыс деген сөз емес.

Бауыр деген не өзі?

Адам ағзасындағы ең ірі ішкі мүше – бауыр. Салмағы шамамен 1,2–1,5 килограмм, оң жақ қабырға астында орналасқан. Бірақ оның салмағы мен көлемінен бұрын, атқаратын қызметінің салмағы әлдеқайда ауыр. Ғалымдар бауырдың 500-ден астам түрлі қызметі бар екенін дәлелдеген.

Бауыр не істейді дейсіз бе?

- ◆ Қанымыздағы зиянды заттарды сүзеді.
 - ◆ Ас қорыту үшін өт шығарады.
 - ◆ Энергияны сақтап, қажет кезінде бөліп отырады.
 - ◆ Имунитетіміздің бір бөлігі ретінде ағзаны қорғайды.
 - ◆ Ақуыздар мен гормондардың алмасуына қатысады.
- Яғни, бауыр – адам ағзасындағы нағыз “фабрика”, ол демалыссыз жұмыс істейді. Ал біз оған “жалақысын” төлеп жүрміз бе?

Бауыр қашан шаршайды?

Сіз ойлайсыз: “Менің бауырым мазаламайды – бәрі жақсы. Бұл – ең жиі кездесетін қате түсінік. Өйткені бауырдағы өзгерістердің 70–80 пайызы зақымдалғанда ғана алғашқы белгілер пайда болады.

Ал сол белгілер қандай?

- ◆ Шаршағыштық, ашуланшақтық
 - ◆ Тәбеттің төмендеуі немесе ауырлық сезімі
 - ◆ Терінің сарғаюы
 - ◆ Денедегі қышу және бөртпелер
 - ◆ Іштің ісінуі
- Осылардың бәрін біз көбіне басқа себептермен байланыстырамыз. Нәтижесінде – асқынған ауру, кеш басталған ем.
- ### Бүгінгі өмір салтымыз бауырға қаншалықты зиян?
- ◆ Майлы тағам мен тәтті, газды сусындар – майлы гепатоз қаупін арттырады.
 - ◆ Алкоголь – цирроздың басты себебі.
 - ◆ Көп мөлшерде және бақылаусыз дәрі ішу – уытты гепатитке алып келуі мүмкін.

- ◆ Стресс, ұйқының бұзылуы, аз қозғалыс – бауырдың жұмысын әлсіретеді.

Бауыр – шыдамды мүше. Бірақ оның да шегі бар. Қазіргі таңда бауыр аурулары көбейіп барады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сүйенсек, жыл сайын 1,4 миллион адам бауыр ауруларынан көз жұмады. Соның ішінде вирустық гепатиттер (А, В, С түрлері), майлы бауыр ауруы, цирроз және бауыр обыры алдыңғы қатарда. Елімізде де бауыр дертіне шалдыққандардың саны жыл сайын артып келеді. Қауіптісі – науқастардың көбісі ауру асқынған кезде ғана дәрігерге жүгінеді.

Бауырымызға қалай көмектесе аламыз?

- Бауыр өзіңізге емес, өзіне көмек сұрап жатқанын сезетін уақыт жетті. Ол үшін:
 - ◆ Алкоголь мен темекіден бас тартыңыз.
 - ◆ Майлы, қуырылған, тәтті тағамдарды азайтыңыз.
 - ◆ Көкөніс пен жеміс-жидекке басымдық беріңіз.
 - ◆ Суды жеткілікті ішіңіз (күніне 1,5–2 литр).
 - ◆ Көбірек қозғалыңыз, артық салмақпен күресіңіз.
 - ◆ Дәрі-дәрмектерді тек дәрігер нұсқауымен қабылдаңыз.
 - ◆ Жылына кемінде 1 рет УДЗ, қан талдауы (ALT, AST, билирубин) жасаңыз.
 - ◆ Вирустық гепатитке қарсы вакцина алыңыз (А және В түрлеріне қарсы бар).



Қорытынды: Біз көлігімізді майлаймыз, телефонымызды қуаттаймыз. Ал өз денемізге – өз бауырымызға қаншалықты көңіл бөлеміз? Бұл мақала сізге бір сәт ой салса – мақсатымыз орындалды. Кеш болмай тұрып, бүгін бауырыңыз туралы ойланыңыз. Уақытында тексеріліп, салауатты өмір салтын таңдаңыз. Бауыр – үндемегенімен, оның үнсіз еңбегі сіздің өміріңіздің ұзақтығы мен сапасын анықтайды.

Денсаулық – бауырдан басталады. Бауырға көңіл бөлу – өзіңізге көңіл бөлу!

Материалды «Neiron-med» филиалының (Ақтау қ.) терапевт Бақтыбаева Гауһар Сәрсенғалиқызы дайындады

ЕҢБЕГІНЕ ҚАРАЙ – ҚҰРМЕТ, ЖАСЫНА ҚАРАЙ – ІЗЕТ

Берекелі қара шығанақтағы мұнай өнеркәсібінің тарихы-мұнайшы қауымның жеңістері мен жетістіктерінің, кәсіпкер аға – апаларымыздың ерен еңбектерінің, аға буынның еліміздің дамуына арнаған ерлігі мен өмір жолының тізбегі тәріздес. Ел әрқашанда еңбекпен көркейіп, еңбекпен есейеді. Сондықтан еңбек адамының қоғамда, әсіресе ұжымда алар орны ерекше. Мұнайшылардың еңбекке деген талпыныстарынан қазақ шаңырақтарының ырзығы молайды, жанұялардың әл-аухаты жақсарды. Ұлттық құндылықтарды қоғам талабымен сабақтастырып, еңбек мәртебесін көтеру, еңбек ардагерлерінің өмір және еңбек жолдарын жас буынға дәріптеу – «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС бойынша атқарылар шаралардың басты міндеттерінің бірі.

2025 жыл - жұмысшы мамандықтары жылы болып аталуына орай, ұжым еңбек ардагерлерінің жас мамандармен кездесуі өткізілді. Кезекті аталған кездесуге «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС еңбек өтілі 18 жыл – Күлекешов Нұрдаулет Жазубайұлы, еңбек өтілі 18 жыл – Матжанов Мұхтарбай Сарсенбайұлы, еңбек өтілі 17 жыл – Ерназаров Есет Жұбатханұлы, еңбек өтілі 30 жыл - Жұмахметов Серікқали Қибадуллаұлы шақырылды. Ынтымағы жарасқан ұжымның мәжіліс залында өткен бұл шараға Қаламқас, Жетібай кенорындарының өндірістегі жас мамандары қатысты. Еңбектің қиындықтарын өмірлеріне азық еткен ерен еңбектің майталмандары кезекпе-кезек өздерінің өмір жолдарынан мысалдар келтіріп, табыстың оңайлықпен келмейтінін түсіндірді және жас мамандардың бірнеше сауалдарына жауап берді. Еңбек өткелдерінде қажырлық танытып, мекеменің ілгері дамуына ерен үлес қосқан осындай



ардагерлерімізге алдағы уақытта ғұмырлы өмір, денсаулық тіленді.

Сонымен қатар, жоспарланған бұл кездесу барысында ұжымның Жас мамандар Кеңесінің төрағасы А.Ж.Ордабаев ұжымдағы жастар санының өсіміне, 2025 жылғы жас мамандардың еңбектегі жоғары көрсеткіштеріне тоқталды. Атап айтсақ, 2025 жыл ішінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес компаниялар қызметкерлері арасында өткізілген «Алып» программалық сайысында «МЭМ» ЖШС атынан қатысқан 5 қызметкерлердің 3-уі жүлделі

орынға ие болды. «Самұрық- Қазына» АҚ ұйымдастыруымен 2025 жыл ішінде өткізіліп келе жатқан 7QADAM PRO (7 модульді) оқуына «Қаламқас» Өндірістік қызметінің 1 электромонтері қатысып келеді. Әрине өндіріс жастарының қызметте де, ұжым абыройын асқақтатар межелі сайыстарда да алар асулары жоғары болғай деп ұжым атынан тілек білдіреміз.

Сәрсенғалиева Р.С.
«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС маманы

МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНДАҒЫ БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ КАДРЛАРДЫ ДАМУ



«Мұнайтелеком» ЖШС Жұмысшы мамандықтар жылы аясында Ш. Есенов университетімен Политехникалық колледжі «Автоматтандыру және басқару» мамандығының 2-ші курс студенттері үшін ашық есік күнін өткізді.

Іс-шара барысында студенттер өндірістік базамен танысып, серіктестердің қызметін атқаруда қолданылатын өндірістік құрал-жабдықтармен жұмыс істеу тәжірибесін алды.

Мұндай іс-шаралар студенттердің кәсіби дағдыларын шыңдап, өндірістік ортаға бейімделуіне үлкен мүмкіндік береді.



«Мұнайтелеком» ЖШС аутстаффинг қызметкері «Қаламқас» өндірісті автоматтандыру цехының ТПБЖ инженері Қыдырбаев Ескендір Нұрланұлы 2024-2025 жылдар аралығында «Болашақ» бағдарламасы бойынша магистратурада Ұлыбританиядағы Warwick University-де Engineering Business Management мамандығы бойынша білім алып келді.

Warwick University әлемнің үздік 100 университетінің қатарына кіреді және QS World Universities Rankings бойынша 69-орын алады.

Сонымен қатар, The Guardian 2025 рейтингі бойынша Ұлыбритания университеттері арасында 7-ші орынды иеленген.

Бұл университет – беделді Russell Group Universities (АҚШ-тағы Ivy League-тің баламасы) құрамына кіреді. Ескендір аталған университетті үздік нәтижемен (Distinction – қызыл диплом) аяқтады.

«ҚазМұнайГаз» бен «Татнефть» арасындағы тәжірибе алмасу

Қазақстан Республикасында жарияланған «Жұмысшы мамандықтар жылы – 2025» аясында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ұйымдастыруымен «Мұнай-телеком» ЖШС өкілдері ПАО «Татнефть» ұйымдастырған тағылымдама мен тәжірибе алмасуға қатысты.

Тәжірибе алмасу барысында қатысушылар «Татнефть» кадрларды даярлау орталығына барып, жұмысшылар мен мамандарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жүйесімен, сондай-ақ болашақ операторлар, слесарьлар, электромонтерлер және мұнай-газ саласының басқа да жұмысшы мамандықтарын дайындайтын заманауи оқу алаңдары мен зертханалармен танысты.

«Мұнайтелеком» ЖШС



ЗОЛОТОЙ ХЕТ-ТРИК

Футболисты АО «Мангистаумұнайгаз» не перестают радовать болельщиков новыми победами: 15 ноября наша команда стала обладателем очередного трофея - Суперкубка осеннего первенства Мангистауской области по мини-футболу!

Решающая игра проходила на открытом поле стадиона «BS ARENA». Команда «MMG» на правах обладателя Кубка Мангистауской области по мини-футболу в финальной битве за Суперкубок встречалась с чемпионом Высшей лиги – командой «DENTAL ART».

В первом тайме команды не отметились забитыми голами. Зато во

второй половине встречи нефтяники отличились дважды – 2:0 в нашу пользу к середине тайма. Футболисты «DENTAL ART» бросились отыгрываться и в одной из атак сумели сократить отставание. Последние минуты матча проходили в напряженной борьбе, команда «DENTAL ART» остро атаковала и изо-всех сил

пыталась свести игру к ничьей, но наши выстояли и победили!

АО «Мангистаумұнайгаз» впервые завоевал Суперкубок Мангистауской области по мини-футболу!


Напомним, ранее наша команда стала победителем регионального чемпионата Первой лиги, а также выиграла Кубок области.

Таким образом, в течение одного сезона АО «Мангистаумұнайгаз» сделал золотой трепл – победил сразу в трех главных турнирах!

Исторический результат, который ранее не покорялся ни одной команде в Мангистауской области.

Мы от всей души поздравляем команду АО «Мангистаумұнайгаз» с выдающимся достижением и желаем новых спортивных побед и блестящих результатов!

P.S. 24 ноября обладателей Суперкубка – 2025 по мини-футболу приняло руководство АО «Мангистаумұнайгаз». Заместитель Генерального директора по административным и социальным вопросам Ерлан Макеев поздравил футболистов с блестящей победой на турнире, вручил игрокам благодарственные письма и пожелал покорения новых спортивных вершин.



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ
 Меншік иесі - "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
 Редактор: Есназар Сұлтанов
 Редакция алқасы: - С. Галидуллин
 - Л. Жолдыбаева
 Дизайнер-беттеуші: Е. Айтбаев

Мекен-жайымыз:
 130000, Ақтау қаласы
 6 ш.а., № 1 үй,
 тел:
 212-035, 211-861
 211-885, 212-194
 Газет айына 1 рет
 шығады.
 Тегін таратылады

Газет ҚР
 Мәдениет және
 ақпарат
 министрлігінде
 есепке
 қойылып,
 № 9675 - Г
 куәлігі берілген

➤ Газет жарияланымдарындағы
 автор пікірі редакцияның
 көзқарасын білдірмейді
 ➤ Редакция оқырман хаттарына
 жауап бермейді және оны
 қайтармайды
 ➤ Жарияланған материалдарды
 сілтемесіз көшіріп басуға
 болмайды

Газет АҚ-ның
 жұртшылықпен
 байланыс тобы-
 ның компьюте-
 рінде теріліп,
 беттелді.
 Индексі: 64265

«Атис» ЖШС
 баспаханасында
 басылды.
 Ақтау қаласы,
 «Дукат» ТҮ, 17 ш.а.,
 1 үй, 3 кеңсе
 тел: 8(7292)525 500